МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ АРХИВ ІСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «МАНГИСТАУСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ЦЕНТР НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ И КУЛЬТУРНО-ДОСУГОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ» УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ, РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ И АРХИВНОГО ДЕЛА МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

27.12.2024ж № 241111418

Ақтау қаласы город Актау

**Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру туралы**

- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39 бабы 3 тармағы 46 тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады, егер мәдениет ұйымының, мәдениет саласындағы білім беру ұйымының, телерадио хабарларын тарату ұйымының өнер туындыларын сахнада көрсетуді, көпшілік алдында орындау мен көрсетуді және мәдени құндылықтарды көрсетуді жүзеге асыру үшін тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

- Заңның 41 бабы 2, 4, 5, 6 тармақтары сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіні айқындайды және онымен мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасады; мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам не орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам қабылдайды; мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Заңның 4-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаты сақтала отырып жүзеге асырылады; Осы заңның 41 бабы 1-тармағының талабы олар туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таралуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын мемлекеттік сатып алу туралы

шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға, сондай-ақ осы Заңның 39-бабы 3-тармағының 4), 9), 17), 18), 20), 21), 23), 26), 31), 32), 35), 40), 41) және 46) тармақшалары негізінде жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды.

- Заңның 4 бабы 1) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру және мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;

- Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесінің 465, 466, 467 тармақтары арқылы;

- Осы қағиданың 470 тармағына сәйкес шешім қабылдауда, заңның 39-бабы 3-тармағының 7), 28), 46), 50), 51), 53) және 54) тармақшалары негізінде жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алу жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайларда тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушіні айқындау үшін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жарнамасындағы, каталогтарындағы, сипаттамаларындағы және Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасына сәйкес көпшілік оферта болып танылған белгісіз тұлғалар тобына арналған басқа ұсыныстардағы жалпыға қол жетімді ақпарат көздерін зерделеу арқылы сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығын талдау нәтижелері бойынша айқындалған сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында, оның ішінде ұқсас тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қызметін жүзеге асыратын кемінде үш әлеуетті өнім берушіге коммерциялық ұсыныстар беру туралы сұрау салуларды веб-портал арқылы жіберіледі;

- Қағидалардың 471, 472, 473 тармақтары;

- Қажет ететін өнер туындыларын сахнада көрсетуді, сахналық қойылымдық қызметтерді жүзеге асыру үшін және өнерпаздардың өнердегі еңбектерін уақытында орындауға кедергі жасамау мақсатында шұғыл қажеттілігіне байланысты, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылға жоспарланған төменде көрсетілген мәдени іс-шаралардың өткізілуін және қызметтердің шұғыл қажеттілігіне байланысты, сметталық шығынына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей бір көзден өткізу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілсін:

- 8 наурыз күні мәдени-сауық іс-шараларын өткізу;

- «Амал – татулық пен бірлік күні» атты халықаралық мәдени-сауық іс-шарасын өткізу;

- Наурыз мәдени-сауық іс-шарасын өткізу;

- Мәдениет күніне арналған іс-шара өткізу;

- Облыстық «Сырлы әлем» мүгедектер байқауын өткізу;

- «Үздік мәдениет үйі» байқауын өткізу;

- 25 қазан Республика күніне арналған іс-шара өткізу;

- «Ұлттық домбыра» күніне арналған мерекелік концерт өткізу;

- "Ақтау-Түркі әлемінің астанасы" атты мәдени шараның аясында өткізілетін Халықаралық ақындар айтысы өткізу;

- "Ақтау-Түркі әлемінің астанасы" атты мәдени шараның аясында өткізілетін Түркі әлемі қолөнер шеберлері фестивалін өткізу;

- "Ақтау-Түркі әлемінің астанасы" атты мәдени шараның ашылу салтанатын өткізу;

- "Ақтау-Түркі әлемінің астанасы" атты мәдени шараның жабылу салтанатын өткізу;

- "Қырымның қырық батыры" жырына арналған түркі эпостарының шеру фестивалін өткізу;

- Ассамблеяның 30 жылдық мерей тойының ашылу салтанатын өткізу.

2. Осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын мемлекеттік сатып алу веб-парталына орналастырылсын.

3. Осы бұйрықты орындау мемлекеттік сатып алу маманы А.Кабилановаға жүктелсін.

4. Бұйрықтың орындалысын қадағалауды өзіме қалдырамын.

**Директор** **А. Зейлова**

*Таныстырылды* *А. Кабиланова*